

1983 жылдың 13

желтоқсаны күні ауа райы жылы қобақ танытып тұрды. Евней Арыстанұлы, әдеттегідей, өзінің иті Рикті ертіп, бой жазуға шыққан еді. Бұл оның соңғы серуені болатын... Сол күннен бері отыз жылдан аса уақыт өтіпті. Осы кезең аралығында адамдардың жаңа буындары өсіп, жетілді, бір кездегі жастар мосқал тартып та үлгерді. Алайда, академик БӨКЕТОВТИҢ сөздер, формулалар, кестелер, кітаптар, бейнелі ұғымдар кейпіне енген ойлары мен пайымдары әлі де жаңа, әлі де өзекті.

Оның ғылыми-публицистикалық сипаттағы кітаптары техникалық бағыттағы адамдарға қаншалықты түсінікті болса, гуманитарлық сала мамандарына соншалықты жақын. Е.Бөкетовтің соңғы еңбектерінің бірі – «Химия мен энергетикадағы мұнай, көмір және су» жинағын (Қарағанды, 1994) қайталап оқи қалсаңыз, Қазақстанның индустриялық-инновациялық жобаларына айналып жатқан келешегінің келбетін көруге болады. Қоңыр көмірдің брикеттелген түрін шығару қолға алынды, одан сұйық отын алуды меже тұтатын эксперименттік зауыт іске қосылып, энергетиканың балама көздерін іздестіру жалғасуда... Е.Бөкетов Канаданың Монреаль қаласында өткен ЭКСПО-1967 көрмесіне қатысқан болатын. Ал, қазір біз Қазақстандағы ЭКСПО-2017 көрмесіне әзірлену үстіндеміз, баламалы энергетика көрме қойылымдарының басты ізденіс тақырыбы болып отыр. Өйткені, бүкіл әлем адамзаттың тек қана табиғи көмірсутектерге байланып қалмауы қажет екендігін түсінеді. Кітапқа академик Вернадскийдің «Ғылымның тұтас тарихы түптің түбінде өзгелердің дер кезінде түйсініп, бағамдауға өресі жетпегенін көре білетін ғалымның ұстанымы жөн болып шығатынын әр қадам сайын айғақтап келеді» деген сөздері эпиграф ретінде алынған. Нәліктен, Евней Арыстанұлы осы сөздерді тақырыптың басына алып шықты екен. Бұл өзінің ғылыми ойларының мезгілсіздей ұсынылып отырғанын селкеусіз сезінуі мен алдын ала аңғаруынан ба? Әлде, бұл сол шақта қуғын қыспағында жүрген ғалымның өз дәрменсіздігіне күйінішінің көрінісі ме? Дей тұрғанмен, эпиграфты таңдау уәддемесінің түп-тамыры қайдан шыққанына қарамастан, осы жайт шынайы ғалым – бұл ғылыми ойлау кеңістігі көз жетер көзжиектің ауқымынан анағұрлым асып тұратын адам екендігін тағы бір мәрте дәлелдейді. Профессор Виталий Малышев атап өткендей, Евней Бөкетов ең күрделі идеяларды көпшілікке мейлінше түсінікті түрде, өзіне ғана тән тәсілмен дәріптеп, тарата білді. Оны айтпағанда, тартымды тақырып телінген кітап Сергей Есениннің өлеңдерімен басталады және ғылыми ой-толғаулар одан әрі поэма секілді оқылады.



АДАМ мен ҒЫЛЫМ игілігіне

Жер тұрғындары табиғатта орын алған өзгерістер сүргіні арқылы, біздің ғаламшарымыз – бұл Ғаламдағы шағын арал, ал, адамдар бар болғаны, сол әлемдегі шаң-тозаңның түйіршігі іспетті екендігін сезінген қазіргі күні жаһандандуды елдер аралығындағы шекаралардың жойылуы деп қана емес, сонымен қатар, әлемді құтқару мүддесімен бірігуге берілген мүмкіндік ретінде қарастыру шарты тұр. Адамзат дамуындағы экологиялық және рухани дағдарыс адамнан табиғат алдындағы ғарыш кеңістігі алдындағы өз жауапкершілігін түсінуі мен соған сай сергуін талап етеді. «...Адамзаттың алдында экологиялық мәселелер, яғни, сол тепе-теңдік пен сол үйлесімнің ажырамас бөлігі ретінде адамның өзінің есен-саулығын айқындайтын табиғи тепе-теңдік пен табиғат үйлесімін қалпына келтіру мәселесі тула бойымен тұтасып тұр», – деп жазды академик Е.Бөкетов.

Рерихтің мәдениетті адами қызметтің әмбебап өлшемі ретінде қарастыратын бөлек бітімді тұжырымдамасы бар. Рерих Мәдениет пен Сұлулық мүддесі үшін батыл талпыныс жасаушы жеңілуді білмейді, өйткені, оны ең әлеуетті жерге тән емес ғарыштық күштер, от пен жарықтың қуаты жігерлендіреді деген идеяны одан әрі дамыта түседі.

Адамның іс-әрекеті Ақиқат, Игілік және Сұлулық нұрымен сәулеленіп, адами белсенділіктің гуманистік мәнін нығайтуға ұмтылғанда ғана мәдени сипатты иеленеді. Мәдениет рухы, әсіресе, ғылыммен және техникамен шұғылданатын ғалымдардың бойына тән болуы тиіс деп есептейді ол, себебі, олар Жердің өлімісиреген күй кешпеуі үшін өзгелерден артығырақ жауапты. Ғалым табиғаттың алдында әдепті жауапкершілікті мойнына алуы қажет. Осы ретте, академик Бөкетовтің «экологиялық тұрғыда зиянсыз энергетика көзін іздестіруі мен ғылыми ізденістері оның жоғары мәдениеті мен қоршаған ортаға із қатынасын нақтылай түседі. Осынау көзқарас ҚР Президенті Н.Назарбаев жария еткен бүгінгі және келешек күндер ұстанымдары тұрғысынан да өте өзекті.

Бөкетов: «Адам, өзінің тамағын пісіру, баспанасын жылыту үшін, әуел баста, қолында бары мен жеңіл табылатындарды: өсімдік отыны... пайдаланды. Соңғысы адамның табиғи әрекетінде, олар біртіндеп көмір мен мұнайға, тағы да кейінірек, газ тұтынуға ауысқанша, өткен ғасырдың ортасына дейін басымдық сипатта болды. Дегенмен, мұндай алмасу дер кезінде орын алды: Жер бетіндегі сорақы бүлдірушілік – аумақтарда орман-тоғай алқаптарын

отау тоқтатылды... Табиғат сарқыла бастаған, қазылып алынатын жанармай қорын жедел жаңғыртуға дәрменсіз, ал, көмір, мұнай мен газ қайыра жаңғыртылмайтын отын түрлеріне жатады», – деп жазады. Ол одан әрі «қуат табиғаттан алынады, адам табиғаттың тартуын пайдалана білу қабілеті мен ептілігіне дандайсып, оны тәкаппарлықпен табиғи күшке көрсеткен өз үстемдігі ретінде бағалап, өзінің табиғатқа кірпітар, өкінішке орай, ризащылдық сезімінен ада, асырандысына айналғанын айқын аңғара қоймады», – деп атап өтеді.

Бұл жолдар 80-ші жылдардың басында жазылған, алайда, Е.Бөкетов жер шарының алағты сипатта ластану жағдайының өрши түсуі мен табиғат тепе-теңдігінің қауіпті деңгейде бұзылуы туралы бүгінгі күні айтып отырған секілді. Ол атмосфера құрамында көмір қышқыл газының ұлғаюын, кейбір пайымдаулар бойынша, оның 2000 жылы 25 пайызға дейін жететінін, нәтижесінде булану әсері орын алатынын алдын ала болжайды. Кейінгі кезеңдегі Жер климатының жылуы, бір кездегі биік тау шыңдарындағы мәңгілік мұз бен қардың еру үрдісі ғалымның қателеспегенін айғақтайды.

Будан әрі Е.Бөкетов бойынша сұйық және газтекес көмірсу-

тектердің ауаға көмір қышқыл газын шығару қасиетінен басқа барлық ерекшеліктерін сіңірген энергия тасымалдаушыны іздестіргенде, көмір қышқыл газы бөлініп шығатын жағудың қарапайым үдерісін қолдану қажеттілігі жөнінде айтады. Голландиялық ғалымдардың жылу беру станцияларынан бөлінетін көмір қышқыл газын су немесе басқа да сұйықтықтардан өткізу тәсілімен электрондар ағынын алып, баламалы электр қуатының көзіне айналдыруды меңгеруі – соның нәтижесі.

Академик Е.Бөкетов қоңыр көмірдің мүмкіндігі (әсіресе, күлі аз қалатын сұрыптары) отын өнімінің, жасанды көмірсутектің сапалы түрлерін алу үшін пайдаланылмайтыны туралы үлкен қынжылыспен жазады. Ол, мысалы, Майкөбенің қоңыр көмірін Екібастұздың көмірі сияқты қолдануды қисынсыз деп есептейді. Басты дәлелі – алғашқысының күлденуі шамалы, химиялық айналымдарға мейлінше икемді және жаңғырып, жақсара түсуі жеңіл. Ғалым қоңыр көмірдің барлық мүмкіндіктерін ұтымды пайдалануға, Қазақстанның қоңыр көмірі бөрекепі шикізат болуы себепті, жинақтамалы отын өнеркәсібін ұйымдастыруда ешкімнен қалыс қалмауға үндейді. Олардың ауқымды бөлігі жер бетіне жақын жатқандықтан, арзан ашық тәсілмен алу мүмкіндігі бар. Тиісінше, оны алуға жұмсалған шығындар одан өндірілетін сұйық өнімдердің құнына ауыртыпалық түсірмейді. Қоңыр көмірден жинақтамалы отын алудың келешегі мынаны айғақтайды: ел осы бағыттағы жұмысты бастады және жоғарыда айтылғандай, сұйық отын болжамды негізде анағұрлым арзан тұратын болады.

Кітаптың соңғы азат жолында Е.Бөкетов: «Қысқасы, табиғи шикізаттың көмір мен су тәрізді кәдімгі әрі қарапайым түрлерін біріктіре отырып, олардың өзара әрекеттесуі есебінен энергия тасымалдаушылардың ең тиімді және ыңғайлы түрлерін, сонымен қатар, химия өндірісіндегі күрделі қоспалар үшін әртүрлі бастапқы өнімдерді сеніммен алуға болады. Бірақ, бұл үшін ғылым мен техниканың ең соңғы жетістіктерін пайдаланып, мақсаткерлікпен жұмыс істеу керек», – деген түйін жасайды.

Е.Бөкетов нағыз ғалым ретінде ғылыми Ақиқатты іздегенде, Табиғаттың көркемдігін сақтау үшін

өз ойлары арқылы Игілікті енгізуге талпыныс жасайды және осы мағынада зиялы адамның санасында жаңа мақсат – әдемілікті іздеу пайда болады: «...Шынайы байыптағанда, ғалымдардың міндеті біреу – сұлулықты іздеу. Жер бетінде ең ізгілікті әрі пайдалының бәрі сұлулық заңдылығымен жасалады. Адам барлық жағдайда әдемілікке ұмтылады. Кімде кім өзінің шығармашылық тұлғасын барлық бағытта үздіксіз әрі талмай дамытса, соның ғалым болып шығарына иманым кәміл».

Академик Бөкетовтің өте биік мәдениеті Табиғат алдындағы әдепті жауапкершілігіне ғана емес, адамдармен қарым-қатынасына да тән болатын. «...Бұл мәдениеті аса жоғары, мейлінше таза және адал, ақыл-парасат аясы кең, достыққа берік, жауынгер жолдас, қайталанбас, сирек кездесетін адам болатын. Бұл тұтас дәуірді айқындаушы адам болатын. Бұл өне-бойына халық мәдениетін дарытқан, құдіретті дарын еді. Ол ғылымда тым соны және теңдессіз болды. Ол өмірді және адамдарды жанындай жақсы көрді. Ол өз елінің болашағына күмәнсіз сенді», – деп жазады Ж.Тәшенов.

Біз естеліктерден жолықтыратын, оның сипатты ерекшеліктері – өзге ұлыстарға ізгі ниетті қарым-қатынасы, интернационализм, ақ көңілділік, өмірге құштарлық, адамгершілік, әділдік, адамдарға ықыласпен зейін қоюшылық, болашаққа сеніммен қарау. Евней Арыстанұлы немқұрайдылыққа, надандыққа, өркөкіректікке, жағымпаздыққа, дерексіздікке, мейлі, кімді болсын, сыйламаушылыққа төзбейтін. Ол үшін бәрі тең еді және есіктен әйел адам енгенде, ол профессор немесе еден жуушы болсын бәрібір, орнынан тұрып, қолын ұсынатын, сол сәтте сіздің алдыңызда басшы емес, алдына келу жағымды әсер қалдыратын жай ғана адам тұратын. Ол ректор ретінде, еден жуушыны мінсіз жұмысы үшін мақтай салатын, күрделі ғылыми мәселе туралы түсінікті тілмен әңгімелей білетін, міне, сондықтан да, ғылымның өркендеуі мен абыройының артуына өзгелерден ерекше ықпал етті, өзі де жалпы қауым қадір тұтқан бедел иесі болды.

Евней Бөкетовтің 90 жылдығын республикалық көлемде мерекелеу – бұл біртуар тұлға қызметінің кең ауқымын, ғылыми ізденістерінің маңыздылығын түбегейлі танып, мойындау. Расында, кітапқа алынған эпиграфтың дұрыс тандалғанына араға уақыт салып барып қана көз жеткізесің. Адамдардың ғылыми келешекті ғана емес, тұлғаның маңыздылығын, түпсіз тұңғыық зердесің, Жер, адам, ғылым игілігі үшін атқарған риясыз қызметін «дер кезінде түйсініп, бағамдауға өресі жетпейтінін» тілге тиек еткен академик Вернадскийдің тұжырымы көңілге қандай қонымды?!..

Нұрсұлу БУКЕТОВА,
«Лингва» тіл және аударма институтының ректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор.